

Тауарларға декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтініштер құрылымы мен форматының 10-кестесіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 13 мамырдағы № 51 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ Кеден кодексінің 120 бабының 3 тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 19 желтоқсандағы № 177 Шешімімен бекітілген тауарларға декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтініштің құрылымы мен форматының 10-кестесіне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң, бірақ 2024 жылғы 1 қазаннан ерте емес күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының төрағасы

Б. Сағынтаев

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2024 жылғы 13 мамырдағы
№ 51 Шешіміне
ҚОСЫМША

Тауарларға декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтініштердің құрылымы мен форматының 10-кестесіне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 13.9.14¹-позиция мынадай редакцияда жазылсын:

"13.9.14 ¹ . Тұлғаның тізілім ге енгізілгенін растайтын құжат (cacdo: Register Document Id Det ails)	7 баған	О".			
---	---------	-----	--	--	--

2. 13.9.14¹.2 позиция, 13.9.14¹.2 позицияның "а" тармақшасы және 13.9.14¹.3-позиция мынадай редакцияда жазылсын:

			1		"Ел коды (csdo: UnifiedCountryC ode)" деректемесінде уәкілетті экономикалық оператор мәртебесі берілген
--	--	--	---	--	---

**2. Ел коды (csdo: Unified Country Code) –		М		мемлекеттің екі әріптен тұратын кодының мәні әлем елдерінің жіктеуішімен болуы тиіс
			1	"Ел коды (csdo: UnifiedCountryCode)" деректемесінде "AM", "BY", "KG", "KZ", "RU"мәндері болмауы тиіс
а)анықтамалық (жіктеуіш) идентификаторы (codelistid атрибуты) –		М	1	"анықтамалық идентификатор (жіктеуіш) (codelistid атрибуты)" атрибуты "Ел коды (csdo: UnifiedCountryCode)" "2021" мәнін қамтуы керек
*3. Тізілімге енгізілген кезде заңды тұлғаның тіркеу нөмірі ((casio: Registration Number Id) 7 баған		М	1	"Тізілімге енгізілген кезде заңды тұлғаның тіркеу нөмірі (casdo: RegistrationNumberId)" деректемесінде шетелдік уәкілетті экономикалық оператордың сәйкестендіру нөмірі болуға тиіс".

3. 13.12.2 позициясында:

- а) барлық ұяшықтардағы 4-бағандағы "1" саны "2" санымен ауыстырылсын;
- б) соңғы ұяшықтағы 6-бағанда "шаблон: \d{6} / \d{8.10}" деген сөздер "шаблон: \d{10}" деген сөздермен ауыстырылсын.